



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

30.03.2022 № 81

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл саясатын бекіту туралы**

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 31 мамырдағы №358 қаулысымен бекітілген Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларының 56-тармағына сәйкес, «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» төртінші блогын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің "Резерв" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітілсін.

2. Кадр жұмысы басқармасы осы бұйрықты кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау кәсіпорынның кеңесші-комплаенс-офицеріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бас директор

Қ. Бишімов

"Резерв" РМК  
Бас директорының  
2022 жылғы "\_\_\_" наурыздағы,  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
бекітілді

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік  
материалдық резервтер комитетінің "Резерв" шаруашылық жүргізу  
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты**

**1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің "Резерв" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі - Саясат және тиісінше Кәсіпорын) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Бұл Саясат мыналарды белгілейді:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;
- 3) ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелер;
- 4) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені;
- 5) осы Саясатты сақтау үшін жауапкершілік.

3. Осы Саясаттың негізгі мақсаты Кәсіпорында комплаенс мәдениетін қалыптастыру, Кәсіпорынның және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлықтың жоғары стандарттарына бейімділігі, ашық және адал бизнесті жүргізу, іскерлік беделді нығайту және Кәсіпорынға деген сенімді арттыру болып табылады. Осы Саясат «Резерв» РМК іскерлік этика кодексімен біріктірілуі тиіс.

**2. Қолдану саласы**

4. Бұл Саясат Кәсіпорынның барлық қызметкерлері танысуы үшін міндетті болып табылады.

5. Бұл Саясат Кәсіпорынның веб-сайтында орналастырылуы тиіс.

6. Осы Саясат Кәсіпорын қызметкерлерін оны мүлтіксіз сақтауға міндеттейді.

### 3. Терминдер мен анықтамалар

7. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы** - "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілер;

2) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг** - Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдайтын шараларының тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау, талдау және бағалау жөніндегі қызметі;

3) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар** - Кәсіпорын қызметінің оқшауланған саласына белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі;

4) **сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау** - Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жөніндегі қызметі;

5) **Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын адам** (бұдан әрі - Кәсіпорынның лауазымды адамы) - Кәсіпорында тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

6) **"Резерв" РМК іскерлік этика кодексі** - корпоративтік мәдениетті дамытуға және Кәсіпорынның беделін нығайтуға бағытталған құндылықтарды, негізгі қағидаттар мен мінез-құлық стандарттарын белгілейтін Кәсіпорынның ішкі құжаты;

7) **мүдделер қақтығысы** - лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

8) **сыбайлас жемқорлық** - Кәсіпорынның лауазымды адамдарының өз лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алуы;

9) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** - Қазақстан Республикасының заңнамасында жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

10) **Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

11) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** - Кәсіпорынның өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

12) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** - Кәсіпорынның алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

13) **қызметкерлер** - Кәсіпорынмен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлғалар;

14) **кандидаттар** - Кәсіпорында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе өкімшілік-шаруашылық функцияларды орындауға байланысты лауазымға орналасуға үміткерлер болып табылатын тұлғалар;

15) **жақын туыстар** - ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата, әже, немерелер;

16) **жекжаттар** - жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары;

17) **лауазымды адамның отбасы мүшелері** – жұбайы (зайыбы), ата-анасы, балалары, оның ішінде кәмелетке толған балалары және асырауындағы және онымен тұрақты бірге тұратын адамдар.

8. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар ҚР заңнамасында, Кәсіпорынның Жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

#### **4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттер**

9. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты атқаратын лауазымына қарамастан, Кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметке тарту тәуекелін барынша азайту болып табылады.

10. Осы Саясат қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

2) Кәсіпорынға және оның қызметкерлеріне қолданылуы мүмкін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру;

3) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидалары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша барабар рәсімдерді жүзеге асыру міндетін белгілеу;

4) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимыл жасауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеуді және енгізуді қамтиды.

## **5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары**

11. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) **сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік** - Кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидаты Кәсіпорынның атынан немесе оның мүддесінде жұмыс істейтін лауазымды адамдары мен қызметкерлері үшін бизнесті қандай да бір нысанда жүргізу практикасына қарамастан, тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) **жоғары басшылықтың бейілділігі және "жоғарыдан тон" белгілеу** - Кәсіпорынның бас директоры Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және Кәсіпорында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда негізгі рөл атқарады. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерде ымырасыз қарым-қатынас туралы мәлімдеуі, осы қағидатты жеке мысалда көрсетуі, сақтауы және іске асыруы тиіс;

3) **қызметкерлерді тарту** - Кәсіпорын өзінің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды;

4) **жазаның бұлтартпастығы** - Кәсіпорын өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан Кәсіпорын қызметкерлерін жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

5) **Осы саясаттың заңдылығы мен ҚР қолданыстағы заңнамасына және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі** - Кәсіпорын ҚР және

тауарларды сатып алуды жүргізетін өзге елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;

6) **Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдердің мөлшерлестігі** - Кәсіпорын қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мөлшерлес, Кәсіпорынды, оның лауазымды адамдары мен жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлық қызметке тарту ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін бақылау рәсімдерін әзірлейді және енгізеді;

7) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі** - Кәсіпорын рәсімдерді іске асырудың қарапайымдылығын және маңызды нәтиже алуды қамтамасыз ететін барынша ашық, айқын, орындалатын етуге ұмтылады. Кәсіпорын қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді;

8) **тиісті сақтық** - Кәсіпорын жұмысқа орналасуға кандидаттарды еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

9) **мониторинг және бақылау** - Кәсіпорын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторинг жүргізеді, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды;

10) **өзара іс – қимыл және үйлестіру** - Кәсіпорын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен және үшінші тұлғалармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

## **6. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелер**

12. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар мыналар болып табылады (бірақ санамаланғандармен шектелмейді):

1) егер сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе ысырап ету осы әрекеттер оның қызмет бабын пайдалануымен ұштасса, лауазымды адам жасаған;

2) Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті лауазымды адам жасаған, егер осы іс-әрекет өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса, жария ету (жылыстату);

3) лауазымды адам жасаған экономикалық контрабанда, егер осы іс-әрекет оның өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;

4) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;

5) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

6) пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу;

7) қызметтік жалғандық;

8) қызмет бойынша әрекетсіздік;

9) билікті теріс пайдалану, билікті асыра пайдалану немесе оның әрекетсіздігі;

10) алаяқтық;

11) жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;

12) лауазымды адамның және қызметкердің заңсыз материалдық сыйақы алуы;

13) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау жатады.

13. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы Саясатты іске асыру кезінде Кәсіпорын оның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға, сондай-ақ мыналарға тыйым салынады

1) пара беруді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, яғни қандай да бір адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісті түрде орындамауға итермелеу ниетімен кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылық беру немесе беруге уәде беру;

2) параны талап ету, қабылдау немесе қабылдауға келісу, яғни өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты алуға немесе алуға келісу;

3) қолданыстағы заңнамада көзделгендерден басқа төлемдерді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға белгіленген рәсімдерді жеделдеткені немесе жеңілдеткені үшін сыйлықтар беру;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдерді ұсыну, уәде беруге немесе жүзеге асыру;

5) жеке пайда алу үшін кәсіпорынға жұмысқа орналастыру, сондай уәде беру немесе соны ұсыну (оның ішінде уақытша негізде);

6) үшінші тұлғалардан артық немесе жалған төлемдерді қабылдау немесе қабылдауға ықпал ету;

7) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Кәсіпорынның ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтар немесе қонақжайлық белгілерін сыйлау немесе алу.

14. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздерінің кәсіби қызметінде мынадай мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауы тиіс:

- 1) ҚР Заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын орындауға міндетті;
- 2) іскерлік қатынастарда адал және парасатты болуға, лауазымдық міндеттерді жүргізудің кез келген теріс пиғылды тәсілдерінен аулақ болуға тиіс;
- 3) Кәсіпорынның беделін түсіретіндей іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;
- 4) Кәсіпорынның қызметтік жағдайын, құпия ақпаратын, материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдаланбау;
- 5) құқыққа сыйымсыз әрекеттерге не олардың заңдылығы мен әдептілігіне қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеу;
- 6) әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;
- 7) табыс алумен байланысты кәсіпкерлік қызметті және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге көмек көрсетуден бас тарту;
- 8) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдемеуге және мұндай әрекеттерді қолдау;
- 9) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмау;
- 10) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу;
- 11) өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқармауға, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысты болмауы тиіс.

Осы тармақшаның талаптарын бұзатын лауазымды адамдар мен жұмыскерлер, егер олар көрсетілген бұзушылық анықталған кезден бастап үш ай ішінде оны өз еркімен жоймаса, осындай бағыныстылықты болғызбайтын лауазымға ауысуға жатады, ал мұндай ауысу мүмкін болмаған кезде осы қызметкерлердің біреуі лауазымынан шығарылуға немесе басқарушылық функцияларынан өзгедей босатылуға жатады.

14-1. Бас директор және оның орынбасарлары мен олардың жұбайлары (зайыптары) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған нысан бойынша және тәртіппен активтері мен міндеттемелері туралы декларация ұсынуға міндетті.

Қызметкерлер мен олардың жұбайлары (зайыптары) 2023 жылдан бастап кірістері мен мүлкі туралы декларацияны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде ұсынады.

15. Кәсіпорын қызметкерлері міндетті:

- 1) Кәсіпорынның мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысудан аулақ болуға;

2) Кәсіпорынның мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға әзірлік ретінде айналасындағылар түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға;

3) тікелей басшыға жұмыскердің мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі не туындаған жағдай туралы хабарлауға міндетті.

Егер өз әрекеттерінің дұрыстығына немесе кез - келген басқа мінез-құлық нормаларына күмән туындаса, Кәсіпорын қызметкерлері кеңесшіге-кәсіпорынның комплаенс-офицеріне жүгіне алады.

## **7. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені**

16. Кәсіпорын қызметінің кейбір салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін. Мұндай салаларға келесілер жатады, бірақ санамаланғандармен шектелмейді:

1) үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру;

2) сыйлықтар және өкілдік шығыстар;

3) саяси қызметке қатысу;

4) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға төленетін төлемдер;

5) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;

6) Кәсіпорынның активтерді сатып алу және иеліктен шығару, қосу және қосып алу жөніндегі инвестициялық қызметі шеңберінде мәмілелер және өзге де мәмілелер жасасу;

7) персоналды басқару.

### **7.1 үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру**

17. Кәсіпорын ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе Кәсіпорын үшін іскерлік беделін жоғалту тәуекелін туғызатын үшінші тұлғаларды тартудан тартынады.

18. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдана алдында Кәсіпорынның үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болған тиісті құрылымдық бөлімшелері міндетті:

1) сатып алу саласындағы Кәсіпорынның тиісті ішкі құжаттарында белгіленген рәсімдерді сақтауға міндетті;

2) мынадай рәсімдерді жүргізу арқылы (мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне үшінші тұлғалардың мониторингін жүзеге асыру:

- өзінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттары мен рәсімдерінің болуын тексеру, осы Саясаттың талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайын болу;

- іскерлік беделді және мүдделер қақтығысының болмауын тексеру;

- жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің, ақша қаражаты көзінің болуын, сондай-ақ Қылмыстық жолмен алынған қаражат жіберілетін Банктің, юрисдикцияның мәніне тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық Банкі және басқалар) сұрау салулар жіберу арқылы тексеру;

3) жасалған мәмілелерге мазмұны осы Саясатқа 1-қосымшада келтірілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізуге міндетті. Кәсіпорын өз тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда үшінші тұлғалармен мәмілелерді бұзу құқығын өзіне қалдырады;

4) Осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы үшінші тұлғаларды хабардар етуге міндетті.

19. Кәсіпорын үшінші тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдауын құптайды.

## **7.2. Сыйлықтар және өкілдік шығыстар**

20. Кәсіпорын іскерлік сыйлықтармен алмасуды және өкілдік шығындарды, оның ішінде іскерлік қонақжайлылықты жүзеге асыруды бизнесті жүргізудің қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік тәжірибе деп таниды. Кәсіпорын іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығындарына қатысты адалдық пен ашықтық атмосферасын қолдайды.

21. Іскерлік сыйлықтармен алмасу және өкілдік шығыстарды жүзеге асыру, оның ішінде Кәсіпорынның үшінші тұлғалармен іскерлік қонақжайлылығына жүзеге асыру мынадай өлшемшарттарға сай келуге тиіс:

1) ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларына, өкілдік шығыстар мәселелері бойынша Кәсіпорынның ішкі құжаттарына толық сәйкес келуі;

2) ақылға қонымды негізделген, мөлшерлес болуға, қолма-қол немесе қолма-қол емес ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылмауға және ақша қаражатының өзге де түрлерін немесе баламаларын көрсетпеуге, сондай-ақ сән-салтанат заты болып табылмауға тиіс;

3) қызмет көрсеткені, әрекеті, әрекетсіздігі, салғырттығы, қамқорлығы, құқықтар бергені, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат беру туралы белгілі бір шешім қабылдағаны және т. б. үшін жасырын сыйақы немесе өзге де заңсыз немесе әдепке жат мақсатта алушыға ықпал етуге әрекет жасамау;

4) Кәсіпорын, оның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері үшін іскерлік беделінің жоғалуына әкелуі мүмкін тәуекел жасамауға міндетті.

22. Кәсіпорын жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлыққа немесе іс-шараға осы Саясаттың талаптарына сәйкес күмән туындаған жағдайда, лауазымды тұлға немесе Кәсіпорын қызметкері тікелей басшымен немесе Кәсіпорынның кеңесшісі-комплаенс-офицерімен кеңесу керек.

23. Лауазымды адамның, жұмыскерлер мен оның отбасы мүшелерінің, егер мұндай әрекеттер лауазымды адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе лауазымды адам өзінің қызмет жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтер алуға құқығы жоқ.

Лауазымды адамның, қызметкердің және (немесе) оның отбасы мүшелерінің шотына олар білмей келіп түскен ақша, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұза отырып алған қаражаты олар анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде тиісті мемлекеттік кіріс органына мұндай қаражаттың түсуінің мән-жайлары туралы түсініктеме ұсыныла отырып, республикалық бюджетке аударылуға жатады.

Лауазымды адам, қызметкер және (немесе) оның отбасы мүшелері білмей келіп түскен, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұза отырып алған сыйлықтар сыйлықты алған күннен бастап не лауазымды адамға сыйлықты алғаны туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз осындай мән-жайлар кезінде лауазымды адамға көрсетілген қызметтер республикалық бюджетке ақша аудару арқылы қызмет көрсетілген күннен не лауазымды тұлғаға қызмет көрсету туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде төленуге тиіс,

Сыйлықты мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға берген лауазымды адам Жоғары тұрған лауазымды адамды хабардар ете отырып, оны мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен жасалатын сатып алу-сату шарты негізінде "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған құн бойынша сатып алуға құқылы.

### **7.3. Саяси қызметке қатысу**

23. Мемлекеттік лауазымды тұлғалардың немесе басқа адамдардың Кәсіпорынның қызметін сақтауға немесе кеңейтуге әсер ететін шешімдер қабылдауына әсер етеді немесе егер мұндай қатысуды осындай әсер ету әрекеті

ретінде қабылдауға болатын болса Кәсіпорын саяси қызметке тікелей немесе жанама мақсатта қатыспайды.

24. Кәсіпорын өз қызметінде артықшылық алу немесе оны сақтау мақсатында саяси партиялар мен өзге де бірлестіктерді қаржыландыруды дербес немесе өзінің лауазымды адамдары арқылы жүзеге асырмайды.

25. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне өз қызметінде Кәсіпорын үшін артықшылық алу немесе сақтау мақсатында Кәсіпорынның атынан ұсынуға, беруге, уәде беруге немесе төлем жасауға, мүлік енгізуге, сыйлықтар беруге және т.б. тыйым салынады.

#### **7.4. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға төлемдер**

26. Кәсіпорын үшін коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында Кәсіпорын жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар үшін кез келген шығыстарды, оның ішінде көлікке, тұруға, тамақтануға, ойын-сауыққа және т. б. шығыстарды, олардың Кәсіпорын есебінен басқа пайда алуы үшін дербес немесе өзінің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері арқылы жүзеге асырмайды.

27. Кәсіпорын ақпараты мен мөлшері ашық қолжетімді мемлекеттік қызметтер үшін ресми алымдарды қоспағанда, формальдылықтарды оңайлатқаны үшін тікелей немесе өзінің лауазымды адамдары мен қызметкерлері арқылы сыйақы төлеуді жүзеге асырмайды.

28. Кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл кезінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

#### **7.5. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету**

29. Кәсіпорынның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі Қазақстан Республикасының Заңнасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорынның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуге құқығы жоқ.

30. Кәсіпорын қызметкерлерге өз атынан және өз есебінен қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

#### **7.6. Персоналды басқару**

31. Кәсіпорын кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік және адалдық қағидаттарын ұстанады. Персоналды жалдау, бағалау, жоғарылату

және жұмыстан босату кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында Кәсіпорын:

1) белгіленген тәртіппен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға қойылатын тиісті біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

2) еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында кандидаттардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан оларды жұмысқа орналастыруға тексеруді жүзеге асырады;

3) өзінің қызметінің түйінді көрсеткіштерінің және кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігін негізге ала отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сыйақы төлеуді жүргізеді;

4) жұмыскердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігіне қарай жоғары тұрған лауазымға жоғарылату туралы шешім қабылдайды;

5) ҚР заңнамасында және Кәсіпорынның ішкі құжаттарында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

32. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер жұмысқа қабылдау немесе Кәсіпорынмен еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде осы Саясатқа 2-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім нысаны бойынша өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды, оларды Кәсіпорынның кадр қызметі басқармасы жазбаша нысанда тіркейді.

33. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға әкеп соғады, оларды сақтамау, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайда, өкілеттіктерді тоқтату үшін негіз болып табылады.

#### **7.7. Мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу**

34. Мүдделер қақтығысын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды тетіктердің бірі болып табылады. Кәсіпорын мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді іске асырудың алдын алуға және оларды реттеуге көп көңіл бөледі.

35. Кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Кәсіпорынның мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері Кәсіпорынның мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан немесе мән-жайлардан аулақ болуға міндетті. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда (немесе оның туындау мүмкіндігі болғанда) Кәсіпорын қызметкерлері осы ақпаратты жазбаша түрде Кәсіпорынның тікелей басшысына не кеңесшісі - комплаенс-офицерінің назарына жеткізуге міндетті.

36. Лауазымды тұлғалар жұмыскерлер өтініш жасаған кезде немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде "Резерв" РМК-да мүдделер қақтығысын

болдырмау және реттеу жөніндегі саясатқа сәйкес тиісті ден қою шараларын уақтылы қабылдауға міндетті.

37. Кәсіпорын міндетті түрде үлестес тұлғаларды есепке алуды, сондай-ақ ҚР Заңнамасының және Кәсіпорынның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Кәсіпорынның инсайдерлерінің тізімін жүргізуді жүзеге асырады.

#### **7.8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау**

38. Кәсіпорын жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіреді, бағалайды, сондай-ақ оларды азайту бойынша шаралар әзірлейді.

39. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалаудың мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшыраған және Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жеке пайда алу мақсатында да, сондай-ақ Кәсіпорынның пайда алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары болатын Кәсіпорынның қызмет түрлері мен бизнес-процестерін анықтау болып табылады.

40. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау негізінде жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мынадай шараларды қамтиды:

1) Кәсіпорынның негізгі ішкі құжаттарына және олардың жобаларына оларда сыбайлас жемқорлықтың (сыбайлас жемқорлық факторларының) пайда болуы үшін себептер мен жағдайларды жасауға ықпал ететін ережелердің болуы тұрғысынан тексеру жүргізу және оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) Өзінің ішкі құжаттарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзгеретін талаптарына жедел сәйкестендіру мақсатында Кәсіпорын қызметіне ықпал ететін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының мониторингі;

3) лауазымды тұлғалар мен Кәсіпорын қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалар өтініштерінің статистикасын зерделеу;

4) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдардың мониторингі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі Кәсіпорынның тиісті комиссиясының қызметі болып табылады және мыналарды қамтиды:

1) бизнес-процестің "маңызды нүктелерін" анықтау, оларды іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындауы ықтимал;

2) құрамында Сыбайлас жемқорлық схемаларының сипаттамасы:

- Кәсіпорын немесе оның жекелеген қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған кезде алуы мүмкін пайданың немесе артықшылықтың сипаттамасын;

- Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін "негізгі" болып табылатын лауазымдар;

- сыбайлас жемқорлық төлемдерін жүзеге асырудың ықтимал нысандары;  
3) ішкі бақылау рәсімдерінің болуын немесе болмауын айқындау, қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалау.

41. Кез келген сыбайлас жемқорлық схемасы үшін тәуекелге төзімділіктің нөлдік деңгейі қабылданды және әрбір жағдайда Кәсіпорын ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту бойынша шаралар әзірлейді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау, оларды азайту бойынша шаралар әзірлеу тәртібі әдістемелік ұсынымдармен реттеледі.

#### **7.9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру**

42. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлейді, оның мақсаты қызметтің оқшауланған саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Кәсіпорынның ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

43. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу міндеттері:

1) Кәсіпорында жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу.

44. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

45. Кәсіпорын қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, "Резерв" РМК этика және мінез-құлық кодексінің, осы Саясаттың қағидаттары мен нормаларын және Кәсіпорын қызметкерлерін оқыту мен тестілеуді қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де ішкі құжаттарды ақпараттандыру және түсіндіру бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

46. Кәсіпорын барлық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді қалыптастыруға белсенді қатысуын қолдайды.

#### **7.10. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар**

47. Егер Кәсіпорында кәсіпорын қызметкері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алғаны туралы қандай да бір куәлік болса, бұл туралы өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысына және (немесе) Кәсіпорынның комплаенс-офицеріне дереу хабарлау керек.

### **7.11. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеп-тексерулер**

48. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша комиссиялық тексеру не орынды мерзімдерде Кәсіпорынның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен қызметтік тексеру жүргізіледі.

49. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидатын негізге ала отырып, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін түзету шараларын қабылдау, сондай-ақ бақылау рәсімдерін жетілдіру тергеп-тексеруді аяқтау болып есептеледі.

### **7.12. Өзара ынтымақтастық**

50. Кәсіпорын өзара түсіністік қағидаты негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және үшінші тұлғалармен мынадай мақсаттарды ынтымақтасады:

1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы ақпарат беру;

2) Сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу кезінде жәрдемдесу жолымен жүзеге асырылады;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша кәсіпорын қызметіне тексеру жүргізу кезінде үйлестіру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шараларды әзірлеу;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелеріне байланысты уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сұрау салулары бойынша түсініктемелер беру/кеңестерге (кездесулерге) қатысу.

### **8.13. Жауапкершілік**

58. Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

59. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған Кәсіпорын қызметкерлері ҚР сотының заңды күшіне енген шешімі бойынша болмаса, Кәсіпорынға келтірілген материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

60. Осы Саясат талаптарының орындалуына Кәсіпорынның қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелері өз құзыреті шегінде жауапты болады.

61. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Саясатқа 3-қосымшада көзделген нысан бойынша өзінің осы Саясатты адал орындау міндеттемесін растауға міндетті.

62. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу бойынша лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін ҚР заңдарына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Кәсіпорынның Кадр жұмысы басқармасы лауазымды тұлғалардың осы Саясатта көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді жазбаша нысанда белгілеуіне жауапты болады.

63. Бас директор, оның орынбасарлары және кейіннен Кәсіпорын қызметкерлері, егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсынбағаны немесе осындай декларацияларда толық емес, дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жауаптылықта болады.

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің нысаны мен мазмұны**

1. «Резерв» РМК (бұдан әрі – Кәсіпорын) Шарттың екінші тарапын "Резерв" РМК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі - Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Шарт жасасу арқылы екінші Тарап Кәсіпорынның саясатымен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар өз қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға міндеттенеді.

2. Шарт мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға пара беру не алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер, коммерциялық параға сатып алу не Тараптар қызметкерінің өз қызмет жағдайын Тараптардың заңды мүдделеріне қайшы ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік немесе мүліктік, жеке немесе моральдық сипаттағы көрсетілетін қызметтер түрінде пайда алу мақсатында өзге де заңсыз пайдалануы, пара беру не алу кезінде жасалатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға немесе басқа жеке тұлғалардың көрсетілген адамға мұндай пайданы заңсыз беруі және, Қазақстан Республикасының немесе Тарап келген және/немесе бизнес жүргізетін елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар) өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы.

3. Кәсіпорын Шарттарға мынадай редакциядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізуге міндеттенеді: "7.10. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу, лауазымдық жағдайын теріс пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын бұзатын әрекеттер жасау және өзге де сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар ретінде жіктелетін әрекеттерге жауапты және оларды тікелей немесе жанама түрде – Шарттың Тараптары арасындағы қатынастарда да, үшінші тұлғалармен

және мемлекеттік органдармен қатынастарда да жүзеге асырмауға міндеттенеді.».

4. Тарапта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болды немесе болуы мүмкін деген негізделген болжам туындаған жағдайда (сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауға байланысты екінші Тараптың қызметкеріне (қызметкерлеріне) қатысты қылмыстық іс қозғау туралы ақпарат не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де анық ақпарат алған кезде), мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапты тиісті фактілерді көрсете отырып, жазбаша нысанда хабардар етуге (бұдан әрі – Хабарлама) міндеттенеді және екінші Тараптан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болмағаны немесе болмауы мүмкін екендігі туралы растау алынғанға дейін шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы. Көрсетілген растауды екінші Тарап хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ұсынуы тиіс.

5. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы анық ақпарат алған кезде және осы баптың ережелері сақталған кезде екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты біржақты тәртіппен толық немесе ішінара орындаудан бас тартуға, сондай-ақ екінші Тараптан Шартты бұзудан келтірілген залалдың өтелуін талап етуге құқылы.

6. Шарттың басқа Тарапында шарттың қандай да бір ережелерін бұзу орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған кезде Шарттың басқа Тарапы Кәсіпорынды кез келген ыңғайлы тәсілмен, оның ішінде Байланыс ақпараты Кәсіпорынның корпоративтік веб-сайтында орналастырылған "жедел желі" арқылы дереу хабардар етуге міндеттенеді.

Осы нысанды "Резерв" РМК-да ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдағаныңызды растау үшін пайдаланыңыз.

Кәсіпорында еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерді орындау күнінен бастап толтырылған және қол қойылған растау нысаны Кәсіпорынның лауазымды адамдарының жеке ісінде сақталады.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы  
келісім нысаны**

Мен, \_\_\_\_\_,  
(тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_  
(лауазымы)

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, "Резерв" РМК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын сақтау, Менің өкілеттіктерімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға алып келуі мүмкін әрекеттерді жасауға жол бермеу мақсатында өзіме мынадай сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын:

- 1) өз функцияларымды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарымның, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарымның бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- 4) оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттер (әрекетсіздік) үшін, егер ол менің қызметтік өкілеттіктеріме кіретін немесе мен өзімнің лауазымдық жағдайыма байланысты осындай іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болсам мен және менің отбасым мүшелерінің материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтер қабылдау;

\_\_\_\_\_  
колы, аты-жөні, лауазымы

*"Резерв" РМК  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл саясатына  
3-қосымша*

Осы нысанды "Резерв" РМК-да ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын адал ұстануға және мүлтіксіз сақтауға міндеттенетінізді растау үшін пайдаланыңыз.

Кәсіпорында еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерді орындау сәтінен бастап толтырылған және қол қойылған растау нысаны Кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.

### **Растау**

Тиісті ұяшықтарды белгілеңіз:

- ☐ Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты зерделегенімді растаймын;
- ☐ Мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін;
- ☐ Мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда, мені жауапкершілікке тартуы, оның ішінде ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен атқаратын лауазымнан босатуы мүмкін екендігі туралы хабардар болдым.

Өтінемін, осында қол қойыңыз

---

\_\_\_\_\_ Тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, қолы